

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
201_ жылғы “ ____ ” _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
ПАНТЕНОЛ**

Саудалық атауы
Пантенол

Халықаралық патенттелмеген атауы
Декспантенол

Дәрілік түрі
Сыртқа қолдануға арналған 58 г немесе 116 г аэрозоль

Құрамы

100 г препараттың құрамында

белсенді зат – 4,310 г декспантенол

қосымша заттар: эмульгациялайтын цетостеарил спирті (А типі), метилпарагидроксибензоат, макроголглицерол кокоат, пропиленгликоль, калий дигидрофосфат*, динатрий фосфат додекагидраты*, тазартылған су, хладон 134а.

** - калий дигидрофосфаты мен динатрий фосфат додекагидраты УМФ-да белгіленген буферлік заттар ретінде пайдаланылады; рН шамасын түзету қажет болса, осы ингредиенттердің біреуін технологиялық регламентте берілген есептеуге сәйкес жеткілікті мөлшерде алады.

Сипаттамасы

Препарат контейнерден шыққан кезде өзіне тән әлсіз иісі бар ақ түсті көбік түзеді.

Фармакотерапиялық тобы

Аса қатты тыртықтануды емдеуге арналған басқа препараттар.
Декспантенол.

АТХ коды D03A X03

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Сыртқа қолданылғанда декспантенол теріге жылдам сіңіріліп, пантотен қышқылына айналады. Әсіресе, зақымданған тінге жақсы өтеді. Пантотен қышқылы плазма ақуыздарымен (негізінен бета-глобулинмен және

альбуминмен) байланысады; ол биологиялық өзгеріске ұшырамайды және организмнен өзгеріссіз күйінде, көбінесе несеппен (60-70 %) және нәжіспен шығарылады.

Фармакодинамикасы

Декспантенол – пантотен қышқылының (В₅ дәруменінің) туындысы. Репаративті әсер береді, эпителий тінінің түзілуі мен функциясын стимуляциялайды, қабынуға қарсы белсенділікке ие, пантотен қышқылы тапшылығын жояды. Организмде белсенді метаболиті – жасуша метаболизмінде орталық рөл атқаратын кофермент А синтезінің субстратты стимуляторы болып табылатын пантотен қышқылын түзеді: ацилдену мен тотығуды катализдейді, метаболизм үдерістерінің барлығына дерлік (трикарбон қышқылдары циклына, көмірсулардың, май қышқылдарының, фосфолипидтердің, ақуыздардың және т.б. алмасуына) қатысады, кортикостероидтардың, ацетилхолин мен порфириндердің түзілуін қамтамасыз етеді.

Қолданылуы

Терінің түрлі зақымданулары, соның ішінде:

- сыдырылуларда, тері сызаттарында
- операциядан кейінгі асептикалық жараларда
- жазылуы нашар жүретін тері трансплантаттарына
- трофикалық ойық жараларда
- күннен болатын және термиялық күйлерге
- күлбіреуікті дерматоздарда (тұрпайы күлбіреуік, жапырақтәрізді күлбіреуік, Дюринг дерматиті, Левер пемсигойды)
- ойық жаралануымен және эрозиялармен қатар жүретін дерматоздарда
- ультракүлгін сәуледен туындайтын (herpes labialis solaris) еріннің қарапайым герпесінде, тесілулерде.
- сәулеленуден кейін терінің сәуледен болған асқынуларының профилактикасы үшін

Жаралар мен күйген жерлерде емдеуде препарат регенерация сатысында (жара үдерісінің екінші фазасында) қолданылады.

Қолдану тәсілі және дозалары

Пантенол аэрозольді жергілікті, зақымданған бөлікке тәулігіне бір немесе бірнеше рет жағады. Қолданар алдында аэрозольді контейнерді бірнеше рет мықтап сілکیدі және сақтандыру қалпақшасын алып тастайды. Қондырмасын зақымданған жерге тақайды және оны баяу басып, препаратты зақымданған бөлікке 10-20 см қашықтықтан 1-2 секунд бойы біркелкі бүркіп шашады. Бүріккен кезде контейнерді тігінен, қондырмасы жоғары қарап тұратындай етіп ұстау керек.

Күннен болған күйлер мен дерматологиялық ауруларда көбікті жеңіл қимылмен, препарат теріге сіңгенше ысқылап жағады. Препаратты

тәулігіне 3-4 рет қолданады. Емдеу курсының ұзақтығы аурудың түрі мен ағымына байланысты.

Түйіршіктелген күйлер, жаралар мен экссудациясы әлсіз трофикалық ойық жараларды емдеуде препаратты қолданар алдында, жараның бетін экссудат пен некрозды тіндерден тазартып, сутегі асқын тотығының 3 %, фурацилин 1:5000 немесе хлоргексидин биглюконаты 0,05 % ерітіндісімен жуып-шаяды және құрғатады. Көбікті 1,0-1,5 см қалыңдықта, зақымданған беткей түгелімен көбікпен жабылатындай етіп біркелкі қабаттап жағады, және стерильді дәке таңғыш тартады. Күйген жерлерді емдеуде таңғыш 1-2 тәулікте 1 рет және жаралар мен трофикалық ойық жараларды емдеуде тәулігіне 1 рет ауыстырылады. Күйген жерлерді ашық емдеу тәсілі кезінде көбікті күніне 1-2 рет жағады. Емдеу ұзақтығы жаралардың эпителизациялану динамикасына қарай белгіленеді.

Сәулелену жүргізілген науқастарда сәуледен болатын асқынулардың профилактикасы үшін, препаратты сәулеленген беткей мен айналасындағы теріге сәулемен емдеу курсы бойына сәулеленуден кейін, сондай-ақ, емдеу аяқталғаннан кейін 10-14 күн бойы күніне 3-4 рет ысқылап жағады. Емдеу курсы патологияның түріне байланысты 2-3 күннен 3-4 аптаға дейін құрауы мүмкін.

Жағымсыз әсерлері

Сирек жағдайларда терінің аллергиялық реакциялары болуы мүмкін.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жекелей жоғары сезімталдық
- ауқымды экссудациямен жүретін іріңді жаралар.

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Декспантенол сыртқа қолданылған жағдайда, оның басқа дәрілік заттармен өзара әрекеттесуі анықталған жоқ.

Айрықша нұсқаулар

Препаратты алғаш қолданғанда контейнерді әбден сілкіп, көбік пайда болғанға дейінгі алғашқы порциясын шығарып жіберу қажет және тек содан кейін ғана препаратты зақымданған беткейге жағу керек.

Көбігінің көзге тиюіне жол бермеу қажет. Көбігі байқаусызда көзге тиіп кеткен жағдайда, оны сумен жуып тастау керек.

Препаратты жараларға, күйген жерлерге, ауқымды іріңді экссудациямен жүретін трофикалық және сәуледен болған ойық жараларға жақпау керек, өйткені ол регенерация фазасында және сәуледен болған асқынулардың профилактикасы үшін қолдануға арналған. Аэрозольді контейнер қысыммен тұрады! Сондықтан оның құлауын, соғылуын, тікелей күн сәулесінің түсуін және 45 °С-ден артық қыздырылуын болдырмау керек. Препарат қолданылып болғаннан кейін контейнерді ашуға және өртеуге

болмайды. Препаратты ашық отқа жақын жерде немесе қызып тұрған заттарға шашуға болмайды.

Балалар мен егде жастағы адамдарға сақтықпен, алдын-ала дәрігермен кеңесіп алып қолдану керек.

Жүктілік және лактация кезеңі

Препаратты жүктілік және лактация кезеңінде көрсетілімдері бойынша қолдануға болады.

Препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат автокөлік немесе басқа механизмдерді басқару кезіндегі реакциялардың жылдамдығына әсер етпейді.

Артық дозалануы

Препараттың артық дозаланған жағдайлары сипатталмаған. Препарат тек сыртқа қолдануға арналғандықтан, артық дозалану симптомдарының даму ықтималдығы аз.

Шығарылу түрі және қаптамасы

58 г немесе 116 г-ден үздіксіз жұмыс істейтін аэрозольді клапандары, бүріккіштері мен қорғағыш қалпақшалары бар, алюминийден жасалған аэрозольді контейнерлерде.

Контейнерге заттаңба мәтіні трафареттік немесе құрғақ офсеттік баспа әдісімен жазылады немесе өндірілуі импорттық жабысқақ жабыны бар заттаңба жабыстырылады.

Әр контейнер бүріккішімен, қорғағыш қалпақшасымен және медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен, тұтынушы ыдысына арналған картоннан немесе хром-эрзац типті картоннан жасалған қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

25⁰С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші

«Микрофарм» ЖШҚ, 61013, Украина, Харьков қ., Шевченко к-сі, 20

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Микрофарм» ЖШҚ, Украина

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар)
сапасына қатысты шағымдар қабылдайтын ұйымның мекенжайы**

Алматы қ. Айнабұлақ-1 ы/а, 17 үй,

тел. +7 (727) 34 94 431, ұялы тел. 8 747 0126972

E-mail: info@microfarm.com.ua

***Дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты
ұйымның мекенжайы:***

Алматы қ. Айнабұлақ-1 ы/а, 17 үй,

тел. +7 (727) 34 94 431, ұялы тел. 8 747 0126972

E-mail: info@microfarm.com.ua